



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016т 24 маусым №158
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Үздік көптілді педагог-2016»
облыстық конкурсын өткізу туралы**

Білім беру басқармасының 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, ұстаз мамандығының мәртебесін арттыру, облыс мектептеріндегі көптілді оқытудың инновациялық тәжірибесін анықтау, мұғалімдердің үздік жетістіктерін насихаттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Үздік көптілді педагог-2016» облыстық конкурсы 2 кезеңде: аудандық кезең - 2016 жылғы 15 қыркүйекке дейін, облыстық – 2016 жылғы 19-23 қыркүйек аралығында өткізілсін.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу бойынша ереже, ұйымдастыру комитеті, қазылар алқасының құрамы бекітілсін (1,2,3-қосымша).

3. Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы (С.Слямова) конкурстың облыстық кезеңін ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша), мамандандырылған мектеп директорлары Конкурстың аудандық, қалалық кезеңдерінің өтілуін және облыстық кезеңге мұғалімдерді қатыстыруды қамтамасыз етсін.

5. Білім беру басқармасының экономика және жоспарлау бөлімі (Г.Кәлімжанова) бөлінген қаражат шегінде облыстық конкурсты қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Т. Ивановаға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексеитова

Таныстырылды

(аты-жөні, қолы, күні)

002652

«Үздік көптілді педагог - 2016» облыстық конкурсы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

«Үздік көптілді педагог - 2016» конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастырушылары - Павлодар облысы білім беру басқармасы, Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы. Конкурс педагогтер қауымының белсенді қатысуымен өткізіледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Ережеде Конкурсты өткізудің механизмдері мен үрдісі анықталған. Конкурсқа жалпы орта білім беру мектептерінің пәндерді ағылшын тілін қолдану арқылы жүргізетін мұғалімдері мен «Үздік көптілді педагог - 2016» конкурсының аудандық (қалалық) кезеңдерінің жеңімпаздары қатыса алады. Конкурсқа қатысу туралы өтінімді аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері береді.

Конкурстың мақсаты:

педагогтің жағымды бейнесін қалыптастыру, көптілді оқытудың инновациялық тәжірибесін анықтау және тарату, мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан өсуіне ынталандыру.

Конкурстың міндеттері:

- білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагог қызметкерлердің шығармашылық бастамаларын дамыту;
- білім беру ұйымдарының тәжірибесіне оқытудың жаңа амалдары мен технологияларын енгізуге ықпал ету;
- ұстаз мамандығының мәртебесін арттыру;
- талантты педагогтерді анықтау, оларды қолдау және ынталандыру.

2. Конкурсты ұйымдастыру, өткізу тәртібі мен мазмұны

Конкурстың төмендегідей кезеңдері бекітіледі:

Аудандық/қалалық кезең – 2016 жылғы 15 қыркүйекке дейін.

Конкурстың аудандық (қалалық) кезеңдерін өткізудің форматын ұйымдастырушылар өздері анықтайды.

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша білім беру бөлімдері **2016 жылғы 16 қыркүйекте** Ұйымдастыру комитетіне төмендегідей құжаттар жібереді:

- аудандық/ қалалық білім беру бөлімдерінің өтінімі (басшының қолы, ББ мөрі қойылған),
- қатысушының сауалнамасы (б.1. қосымша),
- сабақтың әзірлемесі (тақырып қатысушының таңдауы бойынша).

Қатысу: Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларынан – 2 педагогтен, қалған аудандардан – 1 педагогтен, облыстық мамандандырылған мектептерден – 1 педагогтен.

Конкурстың облыстық кезеңі – 2016 жылғы 19-23 қыркүйек күндері.

Конкурстың мазмұны:

- ұсынылған материалдарды талдау, бағалау және облыстық кезеңге қатысушыларды іріктеу – **2016 жылғы 19 қыркүйекте;**
- мектепте пән бойынша сабақ беру (45 минут) - **2016 жылғы 22-23 қыркүйек күндері;**
- ұсынылған тақырыптар бойынша ағылшын тілінде сөз сөйлеу (5 минут) - **2016 жылғы 22-23 қыркүйек күндері:**
 - Мектепте көптілді білім беруді дамыту үшін «осы жерде және дәл қазір» не істеу керек?
 - Көптілділік – менің таңдауым.
 - Оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылықтарын қалай оятуға болады?
 - Менің педагогикалық ұстанымым.
 - Ұстаз – шығармашыл мамандық.
 - Мұғалім – оқушы – өзара шығармашылық ету.
 - Балалармен қарым-қатынаста маған не көмектеседі?
 - Заманауи жағдайында оқыту жүйесіне жаңаша көзқарас.
 - Оқушылардың білімін бағалаудың жаңа амалдары.
 - Оқушылардың жетістіктерін бағалау – оқушыларды ынталандыру құралы.

3. Конкурсты өткізу технологиясы

3.1. Іріктеу кезеңі (15 балл) – 2016 жылғы 19 қыркүйекте.

Көптілді сабақтың презентациясы (Power Point форматында, 6 слайд: тақырып, мақсаты, нәтижелер, қорытынды).

Мақсаты: мұғалімнің көптілді оқыту бойынша сабақты жоспарлау (әзірлеу) біліктілігін бағалау.

Іріктеу кезеңінен өткен қатысушылардың тізімі ББЖТДИО сайтында орналастырылады.

3.2. Мектепте пән бойынша сабақ беру (70 балл) – 2016 жылғы 22-23 қыркүйек күндері.

Мақсаты: көптілді оқытуды енгізу шеңберінде мұғалімнің сабақты ұйымдастыру және өткізудегі кәсіби құзыреттілігін бағалау.

Сабақты бағалау критерийлері (10 балл бойынша):

1. Сабақтың мақсатының қойылуы (нақтылық, дәлелділік, қолжетімділік, өлшемділік).
2. Пәндік мазмұн (жаңа білімді меңгеру, әдістемелік-дидактикалық мазмұнның сабақтың мақсатына сәйкестігі).
3. Мұғалімнің тілді меңгеру деңгейі.
4. Мұғалімнің когнитивтік дағдылары (жоспарлау, талқылау, оқыту тәжірибесін бағалау, алған білімге талдау жасау, одан әрі оқытуды жоспарлау үшін тілді қолдану).
5. Педагогикалық әдеп.
6. Әрекеттер нәтижелерін бағалаудың тиімділігі.
7. Сабақта психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету.

3.3. Қорытынды кезең (15 балл) – 2016 жылғы 22-23 қыркүйек күндері.

Тақырып бойынша сөз сөйлеу (ағылшын тілінде).

Мақсаты: мұғалімнің тілді меңгеру дәрежесін анықтау.

Бағалау критерийлері:

1. Тақырыпты ашу (5 балл).
2. Лексикалық және синтаксистік құрылымдар байлығы (5 балл).
3. Орындаушылық шеберлігі (мақамы, сөйлеу мәнері, сөйлеу мәдениеті) (5 балл).

4. Қазылар алқасының құрамы, жұмыс тәртібін Ұйымдастыру комитеті бекітеді

5. Конкурсты қорытындылау

5.1. Конкурстың ақтық мәресін қазылар алқасының мүшелері қорытындылайды.

5.2. Конкурстың жеңімпаздарына **3 жүлделі орын** ((I орын – біреу, II орын – біреу, III орын – біреу) және **төрт номинация** тағайындалады:

- «Педагогикалық дебют»;
- «Оқытудағы серіктестік»;
- «Кәсібиліктің қырлары»;
- «Шеберлік, тапқырлық, бейімділік».

5.3. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері Құрмет грамоталары және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

5.4. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі Мұғалімдер күніне орайластырылған облыстық мерекелік шара шеберінде өтеді.

6. Қосымша

6.1. Өтініш – сауалнама

Құрметті «Үздік көптілді педагог – 2016» облыстық конкурсының қатысушылары!

Сіздердің шынайы жауаптарыңыз конкурстың ұйымдастырушыларына алдағы уақытта конкурстың құрылымы мен барысын жақсартып, конкурстанттар үшін жағымды жағдайлар жасауға көмектеседі.

1. Т.А.Ә. (жеке куәлік бойынша) _____

2. Жұмыс орны (мектеп, мектептің мекенжайы, жұм.тел.) _____

3. Білімі, қайда және қашан алды _____

4. Диплом бойынша мамандығы _____
5. Лауазымы _____
6. Сіздің атағыңыз, наградаларыңыз, аттестациялық санатыңыз _____

7. Сіздің жалпы педагогикалық еңбек өтіліңіз /осы ұйымдағы еңбек өтіліңіз _____
8. Сіз қандай сыныптарда жұмыс істейсіз?

7. Оқыту тілі _____
8. Барлығы қанша оқушыға сабақ бересіз? _____
9. Біліктілігіңізді қайда және қашан арттырдыңыз? _____

10. Біліктілікті арттыру кезінде алған білімнің қажеттілік дәрежесін қалай бағалайсыз, өз жұмысыңызда нені қолданасыз?

11. Оқыту тәжірибеңізде CLIL (пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту) әдістемесін қолданасыз ба?

12. Сізге жұмысыңызда не ұнайды? Не ұнамайды? _____

13. Сіздің ойыңызша облыс, аудандарыңыздағы (қала) мұғалімдердің ең басты мәселесі не?

14. Конкурстан не күтесіз? _____

15. Конкурс алдындағы көңіл-күйіңіз қандай? _____

16. Сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз (үй, ұялы)

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

Жылы, күні, айы

Қолы

6.2. Иллюстративті материал

Барлық электрондық тасығыштар ашық, қолжетімді форматта ұсылынуы тиіс. Альбом, баннер, кітаптар мен брошюралар Конкурстың кезеңдерінде ұсынылады. Конкурстың қорытындысы бойынша есепке қажетті ұсынылатын материалдардың көлемі мен түрін ұйымдастырушылар анықтайды.

Павлодар облысы
Білім беру басқармасының
2016 ж. «24» мамыр
№ 158 бұйрығына
2 – қосымша

**«Үздік көптілді педагог-2016»
облыстық конкурсын өткізу бойынша
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Р/с	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы	Ескерту
1.	Иванова Тамара Николаевна	Білім беру басқармасы басшысының орынбасары	төрайымы
2.	Слямова Сәуле Шәйімқызы	ББЖТДИО директоры	төрайымның орынбасары
3.	Жүсіпова Ләйлә Нұрсипатқызы	Білім беру басқармасының бөлім басшысы	комитет мүшесі
4.	Жылқыбаева Ғалия Әнуарқызы	Білім беру басқармасының бас маманы	комитет мүшесі
5.	Жантурина Нағима Сейпілқызы	ББЖТДИО директорының орынбасары	комитет мүшесі

**«Үздік көптілді педагог-2016»
облыстық конкурсын өткізу бойынша
қазылар алқасының құрамы**

Р/с	Аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы
1	Иванова Тамара Николаевна	Павлодар облысы білім беру басқармасы басшысының орынбасары, төрайымы
қазылар алқасының мүшелері		
2	Слямова Сәуле Шәйімқызы	Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының директоры
3	Жүсіпова Ләйлә Нұрсипатқызы	Білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің басшысы
4	Жылқыбаева Ғалия Әнуарқызы	Білім беру басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің бас маманы
5	Жұмабекова Бибігүл Қабылбекқызы	б.ғ.д., ПМПИ жалпы биология кафедрасының профессоры, РЖА корреспондент мүшесі
6	Мұқанова Роза Жүмекенқызы	х.ғ.к., ПМПИ география және химия кафедрасының мең., профессор
7	Пешков Евгений Олегович	ПМПИ математика және физика кафедрасының аға оқытушысы, физика магистрі
8	Жантурина Нағима Сейпілқызы	ББЖТДИО директорының орынбасары
9	Алимова Клара Тоқанқызы	ББЖТДИО әдіскері
10	Демеуова Қорлан Қабдоллақызы	ББЖТДИО әдіскері
11	Мусабаева Нәзипа Жармағамбетқызы	ББЖТДИО әдіскері
12	Слямова Жанар Амантайқызы	ББЖТДИО әдіскері
13	Қабылбекова Алмагүл Серікбайқызы	Ақсу қ. мамандандырылған гимназиясының физика мұғалімі

**О проведении областного конкурса
«Лучший полиязычный педагог – 2016»**

В соответствии с планом работы управления образования на 2016 г., с целью повышения престижа учительской профессии, выявления инновационного опыта полиязычного обучения в школах области, пропаганды лучших достижений учителей **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести областной конкурс «Лучший полиязычный педагог - 2016» (далее – Конкурс) в 2 этапа: районный этап – до 15 сентября 2016 года, областной этап – 19-23 сентября 2016 года.

2. Утвердить положение, состав оргкомитета и жюри Конкурса (приложение 1,2,3).

3. Инновационному центру развития образования и воспитания (С.Слямова) обеспечить организацию и проведение областного этапа конкурса.

4. Руководителю отдела образования г. Павлодара (Г.Кадырбаева - по согласованию), руководителям организаций образования, подведомственных управлению образования, создать необходимые условия для проведения Конкурса.

5. Руководителям отделов образования (по согласованию), директорам специализированных школ обеспечить проведение районных/городских этапов и участие в областном этапе Конкурса.


6. Отделу экономики и планирования управления образования (Г.Калимжанова) обеспечить финансирование областного конкурса в пределах выделенных финансовых средств.

7. Контроль за исполнением приказа возложить на заместителя руководителя управления образования Иванову Т.Н.

Руководитель управления


Б. Бексеитова

Ознакомлен (а) 


Иванова Тамара Николаевна

(ФИО, подпись, дата)

К приказу № 15 8
управления образования
Павлодарской области
от «24» мая 2016 г.
Приложение 1

Положение об областном конкурсе «Лучший полиязычный педагог – 2016»

1. Общие положения

Организаторами областного конкурса «Лучший полиязычный учитель – 2016» (далее – Конкурс) являются Управление образования Павлодарской области, Инновационный центр развития образования и воспитания. Конкурс проводится при активном участии педагогической общественности.

В соответствии с Законом «Об образовании» Республики Казахстан в Положении определены механизмы и процедура проведения Конкурса. В нём могут принять участие учителя общеобразовательных школ, ведущие предметы с использованием английского языка и ставшие победителями районного (городского) этапа конкурса «Лучший полиязычный педагог–2016». Выдвижение на участие в Конкурсе производится районными (городскими) отделами образования.

Цель Конкурса:

формирование позитивного имиджа педагога, выявление и распространение инновационного опыта полиязычного обучения, стимулирование роста профессионального мастерства учителей.

Задачи Конкурса:

- развитие творческой инициативы педагогических работников по обновлению содержания образования;
- содействие внедрению новых подходов и технологий в практику преподавания и обучения в организациях образования;
- повышение престижа учительской профессии;
- выявление талантливых педагогов, их поддержка и поощрение.

2. Организация Конкурса, порядок и содержание

Устанавливаются следующие этапы конкурса.

Районный/ городской этап – до 15 сентября 2016 года.

Формат проведения районного/городского этапа Конкурса определяется организаторами самостоятельно.

По итогам первого этапа отделы образования направляют **16 сентября 2016 года** в оргкомитет следующие документы:

- заявка районного/городского отдела образования (с подписью руководителя и печатью ОО),
- анкета участника (приложение 6.1),
- разработка урока (тема по выбору участника).

Представительство: от городов Павлодара, Экибастуза, Аксу – по 2 педагога; от остальных районов – по 1 педагогу; от специализированных школ области – по 1 педагогу.

Областной этап Конкурса – с 19 по 23 сентября 2016 года.

Содержание Конкурса:

- анализ, оценка представленных материалов и отбор участников областного этапа - **19 сентября 2016 года;**
- проведение урока по предмету в школе (45 минут) - **22-23 сентября 2016 года;**
- выступление на английском языке по предложенным темам (5 минут) - **22-23 сентября 2016 года:**

- Что можно сделать «здесь и сейчас» по развитию полиязычного образования в школе?
- Полиязычие – мой выбор.
- Как пробудить интерес ученика к изучению языков.
- Мое педагогическое кредо
- Учитель – профессия творческая
- Учитель – ученик – сотворчество
- Что помогает мне в общении с детьми
- Новый взгляд на процесс обучения в современных условиях
- Новые подходы к оцениванию знаний учащихся
- Оценка достижений учащихся – это стимул для ученика

3. Технология проведения Конкурса

3.1. Отборочный этап (15 баллов) – 19 сентября 2016 года.

Презентация полиязычного урока (формат Power Point, 6 слайдов: тема, цель, результаты, выводы).

Цель: оценка умений учителя проектировать (разрабатывать) уроки полиязычного обучения.

Список участников, прошедших отборочный этап, будет размещен на сайте ИЦРОВ.

3.2. Урок по предмету в школе (70 баллов) – 22-23 сентября 2016 года.

Цель: оценить профессиональные компетенции учителя по организации и проведению урока в рамках внедрения полиязычного обучения.

Критерии оценки урока (по 10 баллов):

1. Целевые установки урока (конкретность, обоснованность, достижимость, измеримость).
2. Предметное содержание (овладение новыми знаниями, соответствие методико-дидактического содержания целям урока).
3. Уровень владения языком учителя.
4. Когнитивные навыки учителя (планирование, обсуждение, оценивание практики обучения, использование языка для анализа полученного знания, планирования дальнейшего обучения).
5. Педагогическая этика.
6. Эффективность оценивания результатов деятельности.
7. Обеспечение психологического комфорта на уроке.

3.3. Заключительный этап (15 баллов) – 22-23 сентября 2016 года

Выступление на тему (на английском языке)

Цель: определение степени владения языком учителя.

Критерии оценки:

1. Раскрытие темы (5 баллов).
2. Богатство лексических и синтаксических конструкций (5 баллов).
3. Исполнительское мастерство (дикция, выразительность речи, культура речи) (5 баллов).

4. Состав жюри, порядок работы утверждается Оргкомитетом

5. Подведение итогов Конкурса

5.1. Итоги финала Конкурса подводятся членами жюри.

5.2. Для победителей Конкурса определяются **три призовых места**

(I место – одно, II место – одно, III место – одно) и **четыре номинации:**

- «Педагогический дебют»,
- «Сотрудничество в обучении»,
- «Грани профессионализма»,
- «Мастерство изобретательность, призвание».

5.3. Победители и призёры Конкурса награждаются почетными дипломами и ценными подарками.

5.4. Церемония награждения победителей и призёров Конкурса состоится в рамках областного праздника, посвящённого Дню Учителя.

6. Приложения

6.1. Заявление – анкета

Приложение 6.1

Уважаемые участники областного Конкурса «Лучший полиязычный педагог – 2016»!

Ваши искренние ответы помогут организаторам конкурса в дальнейшем улучшить структуру, ход конкурса и создать более благоприятные условия для конкурсантов.

1. Ф.И.О. (по удостоверению личности) _____

2. Место работы (школа, адрес школы, раб.тел.) _____

3. Образование, где и когда получили _____

4. Ваша специальность по диплому _____

5. Занимаемая должность _____

6. Ваши звания, награды, аттестационная категория _____

7. Ваш общий педагогический стаж /стаж работы в данной организации _____

8. В каких классах Вы работаете? _____

7. Язык обучения _____

8. Сколько всего учащихся Вы обучаете? _____

9. Где и когда повышали квалификацию _____

10. Как вы оцениваете степень полезности полученного вами во время повышения квалификации, что из полученного применяете в своей работе?

11. Используете ли Вы методику CLIL (предметно-языковое интегрированное обучение) в практике преподавания ?

12. Что Вам нравится в Вашей работе? Что не нравится? _____

13. Самая большая проблема, на Ваш взгляд, для учителей вашего района (города), области.

14. Что Вы ожидаете от конкурса _____

15. Ваше настроение и состояние накануне конкурса? _____

16. Ваш домашний адрес, телефон (дом., моб.) _____

Спасибо за участие!

Дата
Подпись

6.2. Иллюстративный материал

Все электронные носители должны быть представлены в форматах, открытых к доступу. Альбомы, баннеры, книги и брошюры предоставляются на этапах Конкурса. Объём и виды материалов, предоставляемых для отчёта по итогам Конкурса, определяются организаторами.

К приказу № 158
управления образования
Павлодарской области
от «27» мая 2016 г.
Приложение 2

**Состав оргкомитета
областного конкурса
«Лучший полиязычный педагог – 2016»**

№	Ф.И.О	Место работы, должность	примечание
1.	Иванова Тамара Николаевна	Заместитель руководителя управления образования	председатель
2.	Слямова Сауле Шаимовна	Директор ИЦРОВ	заместитель председателя
3.	Жусупова Ляйля Нурсипатовна	Руководитель отдела управления образования	член оргкомитета
4.	Жылкыбаева Галия Ануаровна	Главный специалист управления образования	член оргкомитета
5.	Жантурина Нагима Сейпиловна	Заместитель директора ИЦРОВ	член оргкомитета

К приказу № 158
управления образования
Павлодарской области
от «24» мая 2016 г.
Приложение 3

**Состав жюри
областного конкурса
«Лучший полиязычный педагог – 2016»**

№	Ф.И.О	Место работы, должность
1	Иванова Тамара Николаевна	заместитель руководителя управления образования, председатель
члены жюри		
2	Слямова Сауле Шаимовна	директор Инновационного центра развития образования и воспитания
3	Жусупова Ляйля Нурсипатовна	руководитель отдела дошкольного и общего среднего образования управления образования области
4	Жиылкыбаева Галия Ануаровна	гл.специалист отдела дошкольного и общего среднего образования управления образования области
5	Жумабекова Бибигуль Кабылбековна	д.б.н., профессор кафедры общей биологии ПГПИ, член-корреспондент РАЕ
6	Муканова Роза Жумекеновна	к.х.н., заведующая кафедрой географии и химии ПГПИ, профессор
7	Пешков Евгений Олегович	старший преподаватель кафедры математики и физики ПГПИ, магистр физики
8	Жантурина Нагима Сейпиловна	заместитель директора ИЦРОВ
9	Алимова Клара Токановна	методист ИЦРОВ
10	Демеуова Корлан Кабдулловна	методист ИЦРОВ
11	Мусабаева Назипа Жармагамбетовна	методист ИЦРОВ
12	Слямова Жанар Амантаевна	методист ИЦРОВ
13	Кабылбекова Алмагуль Серикбаевна	учитель физики специализированной гимназии г.Аксу

